

«Дидар-Нұр» ЖШС балабақшасы

Тренинг:

«Киіз үй»

Даайындаған: Саукенова А.З

Шалқар 2024жыл

Мақсаты: Педагогтар арасында киіз үйді пайдалана отырып жан жақты түрде көңіл күйдің өзгеруін бақылау

Жүргізілген уақыты: 29.03.2024ж

Қатысушылар: Педагогтар

Дөңгеленіп тұрайық,
Керегені құрайық,
Уықтар боп иіліп,
Шаңыраққа киіліп,
Киіз үйді құрайық.

1.Киіз үй қандай бөліктен тұрады Өзіме көршіме әдісі арқылы

Киіз үй негізгі үш элементтен тұрады: кереге, уық, шаңырақ. Жылжымалы тор көз – кереге, кереге басы мен шаңырақты жалғастыратын ағаш – уық, киіз үйдің төбесі – шаңырақ. Керегенің әр бөлігі қанат деп аталатын қабырғалардан тұрады.

18 ғасырдан бастап 19 ғасырдың бірінші жартысына дейін 12, 15 және 18 қанатты киіз үйлер болған. Керегелер торкөз, желкөз деп бөлінеді. Керегенің басы мен шаңырақтың ортасын ұзын ағаш шыбықтар – уық тұтастырып тұрады. Үйдегі кереге басы қанша болса, сонша уық керек.

Түндік – киіз үйдің шаңырағын жабатын киіз. Төртбұрышты пішіліп, шаңырақ диаметрінен 50-60 сантиметр молдау жасалады.


2.Ертегі терапиясын қолдана отырып,ертге жалғастыру арқылы жазу.

3.Уық жинау арқылы эмоциялық ойын.

«Дидар-Нұр» ЖШС балабақшасы
«Жылуылық сыйла» сергіту сәті

Қатысушылар: Ұжым және тәрбиеленушілер

Мақсаты: Балабақша ұжымына көтереңкі көңіл күй сыйлау. Баларды тәрбиелілікке, үлкенді сыйлауға және жақсы қарым-қатынасқа баулу.



Бүгінгі күн неге

жылы десем сіз екенғой

жылы етіп тұрған 😊



Балабақша неге жап-жарық

болып кетті десем, сіз келгесін екенғой

жарық болғаны 😊

«Дидар-Нұр» ЖШС балабақшасы

Тренинг

Тақырыбы: «Барлық әлем мен үшін»

Дайындаған: Саукенова А.З

Шалқар қаласы

Тренингтің мақсаты: Ұжым ішінде өмірге қызығушылығын арттыру, өмірді мәнді де, сәнді өткізуге құштарлығын қалыптастыру; Өзіне деген бағасын арттыру, эмпатиясын дамыту.
Нұсқау: Құрметті әріптестер!
Осы шеңберде әркім өз ойын ашық айту арқылы, өз өмірлеріңізге ризашылықтарыңызды айтуға мүмкіндіктеріңіз бар!

1. Ол үшін

1. "Мен өміріме ризамын..."
2. "Мен өмірді таңдаймын,... өйткені",
3. "Мен өмірге дауыс беремін..." сөйлемін жалғастыру керек.
"Талдау"

Өз өміріңіздің жақсы, қызықты, мәнді болу үшін білім қажет пе? Денсаулық қажет пе? (сұрақтарға жауап беріледі)

4. Өз дауысыңызды өмірге беру сәтінде, қандай сезімде болдыңыз? (сұрақтарға жауап беріледі)

2. "Өзіммен - өзім"

Сәл өзімізбен өзіміз болайық.

Тынышталып, еркін тыныс алып,

Көзімізді біраз жұмып, жайлап дем алайық. (әуен ойнап тұрады)

«Мен өміріме ризамын, себебі ең бірінші өзімнің бар екендігіме осы дүниеде өмір сүретіндігіме қуанамын. Мен өміріме ризамын, себебі өзімді дүниеге алып келген ата - анам бар, олар мені жанындай жақсы көретіндігіне сенімдімін. Мен өмірге ризамын, себебі достарым бар. Мен өмірге ризамын. Әсем табиғатты жерімнің барына, күннің әдемі шуағына, таңымның арайлап атқанына. Мен өмірге ризамын, "Еліміздің тыныштығына, денімнің саулығына, "Егеменді елім, туған жерім барына. Мен өмірге ризамын, өмірде бар болғаным!»

3. «Автопортрет» жаттығуы. Нұсқау: әр қатысушыға қос беттен беріледі, өз сипаттамасын тек бір жағына ғана жазу керектігі және 2 минуттан кейін есімдері көрсетілген беттерді тренер жинап алынатындығын ескертеді. Жаттығу шарты: Сізді таныс емес адаммен кездесу күтіп тұр делік, ол бірден

сізді тану үшін өзіңізді сипаттап жазыңыз. Көпшіліктен өзіңізді ерекшелендіріп тұратын белгілеріңізді табыңыз. Бет-әлпетіңізді, жүрісіңізді, сөйлеу мәнеріңізді, киім киісіңізді, зейінді аударарлықтай ым-ишараларыңыз болса т.б.

4.«Сиқырлы қобдиша» жаттығуы.

Мақсаты: Қатысушылар арасында жағымды қарым-қатынас тудыру.

Нұсқау: Ортада сиқырлы қобдиша тұрады. Қатысушылар кезекпен, қобдишаның ішінен сыйлықтарды алып шығады. Сыйлықтар – әр түрлі көңіл-күй күлкілер (смайлдар) бар тілектер. Әртүрлі күлкілі эмоцияларды қатысушылар алып, керісінше бетіндегі жылы лебіздерді оқып, қалаған қатысушыға береді. Тілек соңында, қыстырылған шоколадтарды ұсынып, «Өміріңіз осындай тәтті болсын» деген лебізбен аяқтайды.

Қорытынды:

Менде сиқырлы қарындаш бар, бұл қарындаш кімнің қолына тисе, сол адам бүгінгі күнгі әсерімен бөліседі.

Бүгінгі тренинг барысында қандай сезімде болдыңыз?

Жалпы сізге ой сала алдық па?

Нәтижесінде ұжым ішінде жақсы көзқарастар қалыптасты.

Өмірде өз орындарының бар екендігін түсіне алды.

«Дидар-Нұр» ЖШС балабақшасы

Тренинг

Тақырыбы: «Таңды қалай қарсы алдық?»

Дайындаған: Саукенова А.З

Шалқар қаласы

Тренингтің мақсаты: Жұмыс кезінде сергек жүруге белсенді жұмыс жасауға түрткі, ниетті қалыптастыру. Ұжыммен бірлесе жұмыс атқара отырып, ұжым ішінде жақсы көңіл күй сыйлау.

Әр қатысушы таңды қалай қарсы алғандары жөнінде айтып береді.

1. Амандасу жаттығуы жүргізілді.

Қатысушылар бір – бірімен қол беру арқылы, иықпен, көз қиығымен амандасады.

2. Тыныштық сәті: (баяу музыканың үнімен өткізіледі.) «Гүлдің оянуы»

Терең демалайық! Құдіретті жарық түсіп тұрғанын елестетіп көріңіздер. Бұл қайырымдылық, бақыт, бейбітшілік және қуаныш жарығы. Қандай тамаша! Қане, сұлулықты тамашалап көрейік! Бұл таңғажайып жарық жүрегімізге тыныштық, қайырымдылық, сүйіспеншілік әкелсін. Ішкі дүниеміз тап- таза, жап-жарық болып кетті. Міне, керемет! Жүрегімізде әдемі гүл ашылып келеді. Қандай әдемі! Түрлі- түсті жапырақтар құлпырып тұр. Бұл сіздің отбасыңыз. Ал гүлдің ортасындағы дөңгелек бұл сіздің балаңыз. Бұл жәй гүл емес, сүйіспеншілік гүлі. Көзіңізді жұмып осы гүлдің елестетіңіздер. Ол әлі кішкентай. Күн оны жылытып, өсуіне көмектеседі. Гүлдің исін иіскейміз. Міне, бізде қандай ғажап гүл пайда болды.

Ал, енді осы сәтті қағаз бетіне түсіріп, ата- аналар ақ паракқа гүлдің суретін салып, гүлдестерге баласына деген сүйіспеншілігін жазып, өз ой- пікірлерін айтады.

3. " Пульс ойыны" .

Дөңгеленіп отырамыз . Қатысушылар бір – бірінің қолынан ұстайды . Бір ойыншы ортаға шығады . Жүргізуші " басталды " деген белгі бергенде ойыншылар кезекпен қолдарын қысады . Ортадағы ойыншы пульстың қайда кетіп бара жатқанын табу қажет . Жүргізуші "тоқта "деген белгі береді.

4.«Қатып қалу »жаттығуы.

Топтың бір мүшесі қозғалыссыз бір қалыпты қатып қалуы тиіс. «Реаниматордың»мақсаты оның рөлінде топ мүшелерінің бірі болады «тірілту» бұл адамды еріту болып табылады. Бұл үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады мимика, көзқарас, сөздер және т.б ескеретін жайт «қатып қалған» адамға қол тигізбеуі тиіс. Сәтті жұмыстың белгілері- «қатып қалғанның» еріксіз күлкісі және

т.б болады. Содан кейін ортаға басқа біреу шығып, қатып қалады да жаңа «реаниматор» оны тірілтеді, бұл әрекет ары қарай жалғаса береді.

5.«Жүрек жылуы» жаттығуы

Қатысушыларға кішкене жүрекшелер таратылады.

Тренингке қатысушылар....

«Менің сен сияқты керемет әрнптеске тілейтінім!». деген ойды жалғастырулары керек. Бір-біріне деген жақсы лебіздерін білдіреді

Қорытынды: Тренингке қатысушылар өз ойларын ортаға салды. Белсенді қатысты. Ұжым ішінде жақсыкөңіл күй орнады.

«Дидар-Нұр» ЖШС балабақшасы
Диагностика қорытындысы бойынша
Хаттама №

Ұжым арасындағы психологиялық ахуалды зерттеу сауалнамасы

Мақсаты: бейінені есте сақтау ерекшеліктерін үйрену және оларға диагностика жасау.

Жүргізілген уақыты: 28.02.2024ж

Қатысушылар: Балабақша ұжымы



Педагог-психолог:

А.З.Сауқенов

«Дидар-Нұр» ЖШС балабақшасы

«Кедергілер» ойыны

Мақсаты: Ұжымды бір ізге дағдыландыру, ауызбіршіліктерін байқау.

Шарты: Кедергілер арқылы шарикті мәреге апару

Қатысушылар: Балабақша ұжымы



Қорытынды: Ұжым барлығы бірдей бір реттілікпен ұжымдаса отырып шарикті кедергілер арқылы мәреге жеткізді.

Педагог-психолог Саукенова А.З

«Дидар-Нұр» ЖШС балабақшасы
Диагностика қорытындысы бойынша
Хаттама №
«Агрессивтіктің белгілері» сауалнамасы

Максаты: Педагогтардың агрессивтілік деңгейін анықтау

Жүргізілген уақыты: 31.01.2024ж

Қатысушылар: Педагогтар

Тегі _____

Аты _____

Нұсқаулық: «Жауаптар» бағанында сәйкес пікірмен келіссеңіз, «+» белгісін қойыңыз немесе келіспесеңіз (яғни, сізге қатысты емес) «-» қойыңыз.

1. Мен тез ашуланамын бірақ тез басыламын.
2. Мен ешқашан заттарды лақтыратын дәрежеге дейін ашуланбаймын.
3. Мен әрқашан біреудің кемшілігіне мән бере бермеймін.
4. Егер маған белгіленген ереже ұнамаса, мен оны бұзғым келеді.
5. Басқалар әрдайым қолайлы жағдайларды пайдалана біледі.
6. Мен күтпегендей адамдар маған неғұрлым достықпен қараса мен өзімді сақ ұстаймын.
7. Мен адамдармен жиі келісе бермеймін.
8. Кейде менің басыма өзім ұялатын ойлар келеді.
9. Егер кімде – кім мені біріңші болып ұрса, мен оған жауап бермеймін.
10. Мен ашуланған кезде есікті қатты жабамын.
11. Мен сырттан қарағандағыдан әлдеқайда ашуланшақпын.
12. Егер кімде – кім өзін бастықпын деп есептесе, мен әрқашан оған қарсы әрекет етемін.
13. Менің тағдырым өзімді қамқастырады.
14. Менің ойымша, мені көп адамдар жақсы көрмейді.
15. Егер адамдар менімен келіспесе, мен міндетті түрде пікір – таласқа түсемін.
16. Жұмыстан бас тартқан адамдар өздерін кінәлі сезінуі керек.
17. Кім маған және менің жанұяма тіл тигізсе, мен ұруға дейін барамын.
18. Мен дөрекі әзілдеуге қабілетті емеспін.
19. Егер мені мазақ қылса, мен ашуланамын.
20. Адамдар өзінен бастық жасағанда, оларды байқамау үшін қолымнан келгенін жасаймын.
21. Мен апта, сайып, өзіме ұнамайтын адамдарды көріп тұрамын.
22. Көптеген адамдар мені көре алмайды.
23. Мен адамдардан менің құқықтарымды құрметтеуді талап етемін.

Қорытындысы, интерпретациясы: Балабақшадағы педагогтердің ішінде агрессивтілік белгілері бейқалмады.

Сауалнама қорытындысы бойынша барлығы дерлік төмен көрсеткіш көрсетті.

